

# SAIPEM SUSTAINABILITY

2011 жылға қысқаша шолу

*Сайпем үшін “Тұрақты даму” біз жұмыс жасайтын аймақта ұзақ уақытты құндылықпен қатар әлеуметтік және экономикалық өсімді қамтамасыз ететін істі басқару дегенді білдіреді. Сонымен қатар ол біздің акционерлермен, соның ішінде жергілікті халықпен жалпы мақсатқа жету жолында бірігіп жұмыс істеу деген мағынаны білдіреді.*



## БАС ДИРЕКТОР ЖОЛДАУЫ

Тұрақтылық жөніндегі ұғым компания атқаратын жұмыстардың ажыратылмайтын бөлімі. Өзіндік табиғатына және қиындығына байланысты ол әрдайым адамдар мен әлеуметтік және экологиялық сұрақтарға ерекше көңіл бөлуді талап еткен. Біз еңбектенетін орта және жергілікті

мән-мәтіндердің ерекше мінездемелері бізді көптеген жылдар бойы жобаларды орындау кезінде тұрақты дамуға айрықша тәсіл таңдауға мәжбүрледі. Ол қауіпті бақылаудан және біздің қатысымыз жергілікті аймақтар мен қауымдардың әлеуметтік және экономикалық дамуына септігін тигізетін фактордан тұратынын қамтамасыз етеді. Тұрақтылық Сайпем

жұмыстарының сәтті болуындағы басты рольды ойнайды, өйткені ол біздің клиенттердің және жергілікті акционерлердің алдында біздің мәртебені көтереді. Кейбір мұнай және газ өндіретін мемлекеттердегі біз былтыр куә болған әлеуметтік және саяси өзгерістерге байланысты жергілікті тұрақтылық тақырыбы біздің бизнестің іргетасы



екеніне сенемін және алдағы уақытта біздің әр түрлі және қиын жергілікті жағдайларда сәтті жұмыс ыстей алатынымызға анықтаушы фактор болатынын білемін.

**Пиетро Франко Тали**  
*Сайпем бас директоры*

## Базар Шарттары

Энергетикалық базардың динамикасы негізінде ОЭСР емес аймаққа қатысты оқиғалармен байланысты болғандықтан, мұнай және газ өндірісі дамыған елдерде орналған экономикалық кризисқа әсерін тигізеді. Шынында да, энергияны жалпы ғаламдық пайдаланудың **8-9%** есуі 2011-2015 жылдарға болжамданылуда. Мұнай, табиғи газ және көмір өлі күнге дейін энергияның басты көзі болып табылады. Мұнай өндірісінің дүниежүзілік өсуі және табиғи газдың қолданысы ғаламдық, кешенді және көп бизнесті мердігерлерге маңызды және сонымен қатар

үмітті мүмкіндіктерді туғызады. Мұндай базар болашағының ішінде барлық мүдделі тараптардың қалауларын, қажеттіліктерін және табиғи ресурстарды дұрыс және қауіпсіз қолдануды ескере отырып құндылықты жарату дегенді білдіреді. Атап айтқанда, Сайпемнің тұрақтылығы үш басты нәрседе негізделеді:

- **Адам ресурстарына**

**назар**, жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық, оқыту, мансап өсуі, әртүрлілік және мәдени әдеп-ғұрпыларды сақтау;

- Жергілікті адам ресурстарын және материалдарды пайдалану арқылы, жергілікті кәсіпкерлік қолдауы арқылы және жергілікті жерлерде Компанияның жұмыстарына

әлеуметтік экономикалық әсерді бағалау арқылы **Компанияның жергілікті экономикаға және әлеуметтік прогреске үлесі;**

- **Қоршаған ортаны қорғау** және қатер мен жұмыс нәтижелерін жақсарту мақсатында **озат активтарды пайдалану**, тіпті төтенше және қиын жағдайларда.



## Жергілікті Ұстау

Сайпем үшін жергілікті ұстауды оңтайландыру жұмыс орнымен қамтамасыз ету, оқыту және ноу-хауды жергілікті қауымдарға тасымалдау дегенді білдіреді. Сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық құндылықты құру үшін жергілікті жабдықтаушылармен және қосалқы мердігерлермен нәтижелі жұмыс істеу дегенді білдіреді.

Сайпем ұзақ жылды ынтымақтастықты дамыту үшін жергілікті жабдықтаушылармен келісімдер орнатып отырды. Шынында да, Сайпеммен қызметтестікте болған өндірісшілер тауар мен қызмет түрлерін ұлғайтып, жеткізілімнің технологиялық қиындықтарын арттырды. 2011 жыл бойы Сайпем барлығы **€ 8,7** миллиард

материалдарға және қызметтерге тапсырыс берді (**€ 2,2** миллиард негізгі құралдар инвестициясы және қызметкерлер шығындары және жұмыс жобаларына **€ 6,5** миллиард), олардың **56%** көбі жергілікті жабдықтаушылармен жеткізілді. Сатып алудың ғаламдық процессін қолдап, базарды бақылау икемін жақсарту мақсатында

Сайпем дамыған елдерде жаңа сатып алу мүмкіндіктерін қарастыруда. Қытай және Индиядағы орталықтар (сатып алу кезінде тікелей интерфейсты қамтамасыз ететін сатып алу маманы) осы бағытта бағыттаушы болып табылады. Сайпем барлық жалпы сатып алу шарттарында тұрақтылық тармағын енгізді. Оған байланысты жабдықтаушылар

Компанияның Тұрақтылық Ережесін алып танысты деп есеп беру қажет. Бұның бәрі Сайпемнің Жабдықтаушы Жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Ол техникалық мүмкіндік, сапа, денсаулық және сақтық, ұйымдастыру, қаржы күйі және қатер тұрғыдан қарағанда жабдықтаушы тұрақтылығын бағалауды оңайлату үшін құрылған.

## Жабдықтаушының әлеуметтік жауапкершілігі науқаны

2011 жылы Сайпем Жабдықтаушының Әлеуметтік Жауапкершілігінің жаңа науқанын бастады. Ол "еңбектегі негізгі

принциптар және құқықтар", Халықаралық еңбек ұйымдастыру, сонымен қатар SA8000 стандарттарында негізделген. Сауалнама және

жұмыс орнына сапарлар жабдықтаушылар санын, әсіресе олардың күйлері мен тәжірибелерін бақылау үшін жүргізілген. Керек

болған кездерде тексерістер одан кейін де жалғасқан. Жұмыс орнында келешек тексерістер 2012 жылы жүргізіледі.



### БРАЗИЛИЯ Guarujá мәселесі

Тұздау қоймаларының Сантос бассейнінде дамуы Сайпемнің қақтығысатын ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұл мәселені шешу мақсатында, су астындағы және су бетіндегі өндірісті, қамтымасыздау базаны құру үшін 2011 жылдың аяғында Компания TPG (Terminal Portuário de Guarujá SA) 100% келісті. Ол Guarujá **35** гектар Сантос өндірістік орталығын иемденеді,

Оңтүстік Америкада ең үлкен порт болып табылады. Жобаның экономика, әлеумет және экологияға деген

әсері қарастырылып, осы тұрақты дамуына септігін тигізіп, жергілікті қажеттіліктерге әсер етуі күтіледі.



### КАНАДА

Snamprogetti Canada Inc. Saipem operating компаниялары клиенттерге Бірінші Ұлт жабдықтаушыларымен тұрақты қарым қатынастар құруға көмектесу үшін және жалпы Бірінші Ұлт мүмкіндіктерін арттыру мақсатында Жергілікті тұрғындар Мүмкіндіктер Жоспарын ұсынған. Сонымен қатар Жоспар Бірінші Ұлт тұрғындарының білікті еңбекке қабілетті өкілеті болып табылатын әр түрлі жұмыс күшінің әрбір Snamprogetti Canada жобасы ішінде дамуын қарастырады.

## Сайпемде жергілікті ұстаудың тұрақтылық сандық бағасын анықтау: SELCE Моделі

Сайпем Сыртқы Әсерлерінің Жергілікті Ұстауды Сандық Анықтау Моделі (SELCE) Сайпемнің жергілікті ұстауының тұрақты құндылығын санау мақсатында құрылған. Атап айтқанда, ол тек қана тікелей әсерді емес, сонымен қатар Сайпем жұмыс жасайтын мемлекеттердегі әлеуметтік және экономикалық сыртқы әсерлерді анализдеуге және өлшеуге мүмкіндік береді. Негізінде әлеуметтік және экономикалық және

Жергілікті Ұстау стратегиясынан құрылған тұрақтылық әсерлерін сандық бағалау нәтиже болып табылады. 2011 жылы SELCE моделі Алжир және Нигерияға қолданған. Ол Сайпемнің ВВП үлесі **2010** жылы **1,3%** және **0,44%** болғанын көрсетті. Толық мәліметті Есептемеде және Тұрақтылық Порталында көруге болады.

## Жергілікті Жұмысқа Орналасу Стратегияларын Дамыту

### Жергілікті Ұстауды арттыру Компанияға қабылдаушы мемлекеттермен орнатып, дамытуға мүмкіндік береді.

Жергілікті жұмысшыларды Сайпем жобаларына жұмысқа орналастыру Сайпемнің жұмыс күшін байытады және дүние жүзі бойынша жас дарындарға мамандығы бойынша өз елінде немесе басқа мемлекеттерде өсу

мүмкіндігін береді. Осы жолда қолданылатын тәсілдер негізінде оқыту бағыттарынан, оқуақыдан және тәжірибеден тұрады. Сайпем бұл ынталар қамтамасыз етіп отырған нақты мүмкіндіктерді

мойындайды. Өйткені олар жоғары әлеуметтік маңызы бар қызметтерді беріп қоймай, адам ресурстарын нәтижелі және ықпалды бақылау стратегиясына жауап беріп, келешек жобаларды сын кәсіби


икемдермен қамтамасыз етеді.

Күн: Италия және Францияны санамағанда, **46%** көп орташа және жоғары бастықтардың орындары жергілікті жұмысшылармен алынған.

## Жергілікті Жұмысшылар

**44 232** жұмысшылар, **76%** көбі жергілікті жұмысшылар, жоғары пайызы Америкада және Солтүстік Африкада.

Жергілікті жұмысшылар жалпы жұмыс күшінің пайызы есебінде: ■ <40% ■ 40-55% ■ 55-70% ■ 70-85% ■ >85%



2011 жылдың 31 желтоқсан күніне қарағанда жаңартылған мәлімет



## ИНДОНЕЗИЯ

Сайпемнің жергілікті ұстау стратегиясына сәйкес, Каримун аралындағы жаңа өндірістік аймаққа жұмыс күші бірден жергілікті қаржыдан алынады. Қайткенде де, аралдың әлеуметтік және экономикалық өзгерістеріне әсерін тигізе алмайтын оқыту жүйесі басты мәселе болып табылады. Осыны жөндеу үшін Компания оқыту орындарын модернизациялау және мектептерде үйрету ынталарын жүргізу мақсатында жергілікті органдармен тығыз байланыс етеді. Сонымен қатар ол монтаждаушыларға арналған жаңа курсты бастау үшін "Sekolah Menengah Kejuruan 1" мамандандырылған техникалық мектебімен қызмет етеді.


# Адамдар

Адамдарды Басқару Жүйесі Сайпем компаниясының ұзақ уақытты тұрақты дамуындағы ұмтылысындағы іргетас болып табылады. Сайпем жынысқа, жасқа, дінге немесе этникалық текке қарамай әрдайым адамдық мүмкіндіктерді және икемдерді дамытады.

Адам ресурстарының мобильділігі Сайпем Групп-тың стратегиялық бизнес тұтқышы болып табылады. Осыған байланысты 2011 жылы Компания анализды және үлгілердің салыстырмалы анализін аяқтады. Қазіргі кезде жұмысшыны орналастырудағы ең

жақсы тәжірибелер Италия және басқа да шетел компанияларда пайдаланылуда. Сонымен қатар компания шығындарға айрықша әсер ететін 'өте қиын' құбылыстардың орталықтандырылған бақылауын қамтамасыз ету үшін бірнеше есеп беру ынталарын құраған.

## Жұмыс күшін бөлу



2011 жылдың аяғына **44 232** жұмысшыдан астам, **10 000** артық Еуропада. Қалған жұмысшылар тең түрде басқа географиялық жұмыс жасау аймақтарына бөлінген.



## ПЕРУ

Жұмысшылар және олардың жанұялары Перуда маңызды акционерлер болып табылады, сондықтан Петрекс Компания табысын солармен бөлісу мақсатында шаралар қолданады. "Балалар әлемі" саяхаты Лимада балалар өздерінің табиғат жайлы ойларымен бөлісетін қоғамдастықпен кездесу мақсатында өткізілген. **Айналып жүретін Семинарлар** Таларада өткізілген, онда Петрекс балалары тұрмыстық қалдықтардан пайдалы

нәрселер жасауды үйренді. **"Балалар құқығына арналған Өнер Семинары"** Икитоста болды, онда бала еңбегі, асқа жарымау, жас еспірімдік жүктілік және дұрыс санитарлық инфрақұрылымға жоқтығы басты әлеуметтік проблема болып табылады. Қорытындылай келе, Икитос, Петрекс бірлестіктері семинарды **тамақтануға** және **ауыз қуысының** гигиенасына дұрыс тәсіл табуды дамыту және нығайту мақсатында өткізді.



## ҚАЗАҚСТАН

Ұлттық экономика өсуінің қажеттілігі тек қана қара жұмысшылар санының артуын ғана емес, сонымен қатар олардың сапасы мен Қазақстандағы бүкіл пісіру өнеркәсібінің тиімділігін талап етеді. Қазақстан Пісірушілер Одағы (KazWeld) 2011 жылы Ерсай компаниясының қатысуымен құрылған. Ол алдына Қазақстанды Халықаралық Уәкілеттік

Органға қосуға көмектесу үшін аккредиттеу және сертификаттау, Қазақстанда пісіру жұмыстарына дайындау, оқыту және сертификаттауға арналған халықаралық стандарттарды енгізу үшін, сонымен қатар оқытуға арналған арнайы орталықтарды IIW халықаралық стандарттармен сертификаттау үшін мақсат қойған.

## Сайпем кемелері: экипажды дайындау

Сайпемнің құрылыс кемелері теңізде бұрғылау және құрастыру жұмыстарын орындау үшін жабдықталған. Осыған орай олар осы әрекеттерге сай жұмыс ортылығын талап етеді. Экипаж нәтижелілік, сапа, денсаулық және қауіпсіздік стандарттарын талап ететін бағдарлама бойынша жұмыс істейді. Бұл экипаж тек қана қарапайым жұмыстарды орындау үшін емес, сонымен қатар апаттық жағдайларда да жұмыс істеп білулері тиіс деген сөзді білдіреді. Мансап жүрісі тікелей жеке сипаттамалар мен ептілікті бағалайтын сырттай бақылаушымен қадағаланып, одан кейін Компания бөлімдерінің толық құқылы өкілдерімен мақұлданады.

## Негізделген Қатысу

Мүдделі тараптармен диалог өткізу бизнесты жауапкершілікпен жргізудің маңызды белгісі. Бұл Компанияға жергілікті мүдделі тараптардың ішінде әр түрлі ойларды қарастыруға, қатерлерді анықтап бақылауға, сенімділікті арттыруға көмектеседі.

Бұл мүдделі тараптардың жергілікті қауымның дамуын клиенттермен, жабдықтаушылармен, жергілікті органдармен және қауым өкілдерімен

ғаламдық және ұлттық қатынасты нығайтуға беттеліп қолданылған ең бірінші карталау тәсілі. 2011 жылы мүдделі тараптар Алжир

және Нигерияда бас жабдықтаушылар арасында (**19** алжирлік және **23** нигериялық) осы екі мемлекет үшін Сайпем

операцияларының әсерін анықтауға бағытталған сапалы мағлұмат алу мақсатында сұрау өткізді. Толық мәлімет алу үшін Есептемені қараңдар.

### Жергілікті қауымдарды потенциалды құру

Сайпем жергілікті қауымдарда потенциалды арттыруды өзінің парызы деп санайды, сондықтан жергілікті әлеуметтік жүйелердің дамуына қаржы бөледі.

Мұнда білім және мамандыққа даярлау маңызды роль атқарады. Жергілікті экономикалық және білім органдарымен, соның ішінде мектептер мен университеттермен біріге отырып Сайпем техникалық, басқару және кәсіпкерлік әдеттерді жергілікті халық арасында қалыптастыру жобаларына қатысады. Сонымен қатар Сайпем әрбір жергілікті жоба үшін бақылаудың ең тиімді көрсеткішін таңдау жұмыстарын жүргізеді. 2011 жылы жүзеге асырылған жобалар мысалдарын төменнен көре аласыңдар.



### ПАПУА ЖАҢА ГВИНЕЯ

Жұмыс Бөлімінің (DOW) қолдауымен Сайпем 16 апталық ауаны кондициялау және салқындату, металл конструкцияларын жасау, ағаш ұсталық жұмыстар, ағаш жұмыстары және слесарлық жұмыстарды оқыту бағдарламасымен қырық (**30** ер адам

және **10** әйел адам) адамды қамтамасыз етті. Бұл оларға өздерінің қауымдарының келешек дамуына үлесін қосып, Сайпем PNG LNG жобасының EPC 2 бөлімін сәтті аяқтап аймақтан кеткеннен кейін оларды жақсы жұмыс бастылығымен қалдырады.



### НИГЕРИЯ

2011 жылы SCNL үшінші деңгей институт студенттерді Инженерия, Ақпараттану, Ғылыми Лабораториялық Әдіс және Биологиялық химия бойынша дайындау бағдарламасын жалғастырды. Бұдан басқа Нигериялық Ұстауды Дамыту және

Ақпарат таблосына сәйкес SCNL жас нигериялық түлектерді техникалық дайындықпен қамтамасыз етеді. 2011 жылдың аяғында **50** түлек бірнеше жұмыс жобалары бойынша дайындықтан өтті.



### ҚАЗАҚСТАН

Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігін арттыру мақсатында Сайпем компаниясының Қазақстандағы бөлімшесі жұмыс іздеудің маңызды тәсілдерін үйрететін

үш күндік семинар өткізді. **60** түлек еңбек базарының қазіргі күйін біліп, жұмысты сәтті іздеудің көптеген кепілдемелерін алды.



### АНГОЛА

Анголада бірінші рет Сайпемнің Petromar еншілес компаниясы Америкалық Пісірушілер Қоғамының стандарттарына негізделген "Сертификатталған Пісіру Инспекторы" және / немесе "Сертификатталған

Біріккен Пісіру Инспекторы" мамандығы бойынша 10 күндік үйрету бағдарламасын ұйымдастырған. Сапаны Бақылау Бөлімінде жұмыс істейтін он бес Анголалықтар қатысты.

# Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі бөлімінің басқару жүйесі

Жаңа іскерлік тәсілдемелер арқылы еңбек ұйымының барлық бөлімдері стратегиялық жағынан өте қарқынды дамуда. Солардың ішінде денсаулық

және еңбек қауіпсіздігін сақтау бөлімінің қызметінің жақсы орындалуы мен дамуын атауға болады. Квалификацияланбаған қызметшілер тарапынан

келтірілетін қауіпті тәуекелдерді азайту үшін **қызметшілердің білімдерін жетілдіру бағдарламасы** іске асырылды. Осы

бағдарламаны іске асыру мақсатында денсаулық және еңбек қауіпсіздігі жөнінде тренингтерді өткізетін арнайы бөлімшелер ашылды.

## Мұнай және Газ өндірісінде денсаулық және еңбек қауіпсіздігін сақтау саласындағы магистр деңгейі

2011 жылдан бастап Сайпем ЖШС Болонья Университетімен бірлесіп “Мұнай және Газ өндірісінде


денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында” қызмет ететін **12** жас инженер мамандарына

магистр деңгейінде курс жұмыстарын жүргізеді. Теориялық сабақтар университеттің Инженер факультетінде

жүргізіледі. Ал қалған сабақтар курсты оқушылардың жұмыс орындарында өткізіледі.

## Қауіпсіздік сипаттамасы

Алжир мемлекетінде көптеген келеңсіз оқиғалардың орын алуына байланысты 2011



қосалқы мердігерлер үшін **Қауіпсіздік форумы** болып өтті. Аса ауыр жағдайда жұмыс істейтін

қызметшілер үшін Сайпем тренинг жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ бұл тренингке супервайзерлер, денсаулық және еңбек қауіпсіздігі бөлімінің мамандары және т.б. қатыса алады.



## АЛЖИР

2011 жылдың шілде айында “Сайпем Contracting Algérie SpA (SCA) Алжир акушерлері ұлттық бірлестігімен бірлесіп Хасси Месаоуд қаласында “Pregnancy Monitoring Improvement” бағдарламасын жүзеге асырды. Бағдарлама бойынша компания акушерлік ультрадыбыс

техникалары бойынша тренингтер өткізді. Сонымен қатар медициналық құрал жабдықтарды ұсынып, әйел адамдарды жүктілік бұрын, жүктілік кезінде және жүктіліктен кейін болатын қатерден сақтау шараларын жүргізді.



## КОНГОДА

“**Sécurité Routière**” – бұл Пойнте Нойре қаласындағы жеке меншік компаниялар тобы бастаған жол жүру қауіпсіздігін сақтау бағдарламасы. Бағдарлама 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде студенттерге жол белгілерімен және жол апаттарын алдын алу

тәсілдерімен таныстырады. Ал екінші бөлімінде компаниялар жол жүру қауіпсіздігіне байланысты әр түрлі нәрселерді Пойнте Нойреде болған көрмеге шығарды. Voscongo ‘ABC Жылдамдық моделі’ қатты айдайтын жүргізушілерді бақылау мақсатында өткізілді.



## Басқаратын Тәртіп Науқаны 2011

*‘Еі бірінші өзімізді, одан кейін әріптестерімізді сақтауымыз қажет. Біз бұл мәдениетті барлық жерде құруымыз керек. Бұдан артық ештеңе жоқ.’*

*Пиетро Франко Тали  
Сайпем бас директоры*

Қазір 5-ші жылы LiHS процессі 2011 жылдың бес қарапайым Басқаратын Тәртіптерімен басқастырылып, көп каналды жергілікті бейімделуге арналған каскадты амалды

қолданады. Бұл стратегия қалыптасып дамыған мәдениетте негізделіп, байқалатын тәртіп элементтерінен тұратын дәстүрлі амалдан инновациялық өзгеріс енгізеді.

## Денсаулық

Сайпем Компаниясы жұмыс күші арасында аурулардың алдын алу және денсаулықты бекітуге көңіл бөлінген **Денсаулықты Бақылау Жүйесін** құрды. Сайпем

денсаулықтың жергілікті қауымның тұрақты дамуы дайындау, оқыту, құрал жабдықтарды жеткізу және басқа да медицина саласындағы тұлғалармен байланыс


арқылы болатынына сенімді. Бұған қоса, егер жергілікті денсаулық жүйелері дұрыс емес болса, Сайпемнің әр жобада пайдаланатын медициналық құралдары

HIV/AIDS және малярия сияқты аурулармен күресетін денсаулық шараларының бастапқы қадамы бола алады.

## Малярияны болдырмау: Малярияны Бақылау Бағдарламалары

Африка сияқты эндемиялық аймақтарда малярия ауруына шалдығу қатері инвестицияға кедергі келтіріп, өнімділік азаюына

### Малярия науқастығы\*



(\*) Малярия науқастығы малярия ауруының аса қатерлі аймақтарында 200 000 жалпы жасалынған сағат санына сай малярия жағдайлары ретінде анықталған.

немесе ауру және өліммен байланысты табысқа әкелуі мүмкін. Бұл балалардың оқуына және елеулі дамуына әсерін тигізуі мүмкін. Сайпемнің маляриямен

күресу тәсілі ABCD ұстанымында, соның ішінде: А (хабардарлық), В (Шағудан сақтау), С (химиопротифилактика) және D (диагностика). **Малярияға қарсы бағдарламаның** ең басты мақсаты жұмысшыларды ауруға шалдығу туралы хабардар ету және оларды өздерін аурудан сақтану жолдарын үйрету. 2011 жылы PetromarLda инсектицидпен өңделген **2 800** торды Амбриз және Анголаның **1 300** жанұясына таратты. Конгода жұмыс жасайтын Сайпем компаниялары малярия туралы хабарлау күнін сәуір айында Лоангода өткізді. Онда инсектицидпен өңделген торлар жүкті әйелдерге және 0 мен 5 жас аралығындағы балаларға таратылды. Қорытындылай келе, жаппай малярияға қарсы шаралар SCNL арқылы маусым айында Нигерияда орналасқан барлық жоба аймақтарында. Ngacourt портының жұмыс жасау базасында өткізілген. Жұмысшыларды маляриямен таныстыру рәсімдері өткізіліп, моските қарсы маскалар таратылып көпшілік, демалатын орындар қамтамасыз етілді.

## Қоршаған орта

Қоршаған ортаға жауапкершілік тәртібі Сайпем компаниясының барлық адамдары мен жобалар енгізілген бизнес стратегиясы болып табылады. 2011 жылға

қойылған басты мақсат қоршаған орта жайлы хабардарлықты компания жұмыстарының кейбір ықтимал экологиялық ықпалдарын жіберіп белсенді экологиялық

бастамалар арқылы арту. Осылайша, мысалға, **'Суды сақтау және қайта пайдалану'** науқаны 2011 жылдың 5 маусым күні Халықаралық Қоршаған орта күнімен

бірігіп өткізілген. Бұл тақырыптың басты жолдамасы біздің өмірді өзгертуге бағытталған кішкентай тырысулар арқылы әрқайсысымыз өз үлесімізді қоса аламыз.



### НИГЕРИЯ

Нигерияда мұнай өндіру

барысында шыққан қажет емес табиғи газ жандырылып жіберіледі. Қайткенде де, күйдіру және желдету адам денсаулығына және қоршаған ортаға әсерін тигізеді. Осыған орай Сайпем Епі жұмыс жасайтын Ebocha Oil Centre-да жаңа аймақ құрған. Онда турбиналы генератор, бір

орташа және екі кіші жеткіліксіз қысым компрессоры және де басқа жалғағыш құралдар орнатылған. Сөйтіп, бұрын жанған **1,5** миллионға жақын стандартты текше метр газ қазір қысылып, газ орталығына құбыр жүргізуші жүйе арқылы Нигериядағы Омоку күш станциясына жергілікті қолданысқа пайдалануға қолайлы етіледі.



### КАТАР

Хундай бірлестігімен бірігіп Сайпем Катардағы Fertilizer Company (QAFCO) аммиак және карбамид шығаратын зауытында қағаз өңдеу ынтасын білдірген. 2011 жылы барлығы **55,5** тонна QAFCO 5 және 6 қағаз және карбомид қалдықтары Катардағы қайта

өңдеу зауытына жіберілген. Бұл шамамен **137** м<sup>3</sup> қоқыс тастайтын аймақты сақтап, қағаздан құралған көшет газдың шығуына жол бермей, жаңа қағазды жасап шығаруда **1,67** миллион литр су мен **16 700** кВт энергияны пайдалану қажеттілігінен құтқарды.



# Сайпем Тұрақтылық жайлы Есептеме














## Сайпем өзінің тұрақтылық көрсеткішін ашу үшін көп каналды тәсілді пайдаланды.

“Сайпем Тұрақтылығы” GRI ережелерін еске ала отырып анықталатын маңызы зор толық мағлұматты мүдделі тараптарға беру мақсатында құралған. 2011 жылға карағанда бұл тұрақтылық көрсеткіштері

осы Есептемеге “Қосымша” ретінде қарастырылады. “Сайпем Тұрақтылығы” және “Қосымшада” қарастырылатын сұрақтардың ішкі маңыздылық деңгейі Тұрақтылық Комитетімен орнатылады.

Ол Компанияның қағидаттарына, бағаларға, бизнес стратегиясына және мақсаттарға байланысты болады. Басқа жақтан қарағанда, сыртқы маңыздылық деңгейі Компанияның **45** басты

клиенттерінің тұрақтылық анализін Сайпемге акционерлерден бүкіл есепті жыл ішінде жөнделген сауалдарын біріктіру арқылы қарастырылған. Толық мәліметті Есептемеден табуға болады.

Байланыс құралдары	Қаржы акционерлер	Клиенттер	Ішкі ационерлер	Жергілікті акционерлер
Сайпем тұрақты дамуы 2011				
Қосымша:Тұрақты даму көрсеткіштер				
Ел және Жобаны Нысаналы Зерттеу				
Қаржы есебі 2011, Корпоративтік тәртіп, Өдеп ережелері				
Жылдық қағаздар, постерлар және ішкі ақпарат хаттары				
Вебта тұрақты даму				

## Ішкі желінің дамуы Сайпем көп жылдар бойы көңіл бөліп келе жатқан орталық тақырып болып табылады.

2011 жылы тұрақтылыққа арналған anip-house порталы жергілікті жерлерде дамыған жақсы практика, мәлімет және тәжірибе алмасу үшін құрылған. Басты

жұмыс жасайтын компаниялар шығарғандар Сайпемнің жергілікті деңгейдегі жұмыстарына көңіл бөлсе, Сайпем Корпорейт Ньюзлеттер бүкіл жер шары

бойынша халықаралық хабарларға және Сайпемнің тұрақтылық проекттеріне назар аударады. Қорытындылай келсек, 2011 жылы жоба жергілікті жобаларда

Тұрақтылық делдалдары ретінде жұмыс істейтін кәсіпшілердің жүйелік икемдерін арттыру мақсатында қолданылатын басқару құралдарын стандарттау үшін құрылған.

## Тұрақтылық Марапаттары

2011 жылы Сайпем компаниясының тұрақтылық көрсеткіші көптеген институттар мен рейтингтік агенттіктермен

мойындалды. Үшінші жыл бойы Компания DJSI Europe индексіне, сонымен қатар FTSE 4 Good және Ethibel EXCELLENCE Investment

Register тізіміне қосылды. Осылайша 2010 жылғы табысты қайталады. Қорытындылай келе, үш жыл қатарымен Сайпем

SAM Sustainability Yearbook 2011 тізімінде Мұнай Құралдары және Қызметтер саласында “Тұрақтылық басшысы” болып белгіленді.



*Сайпемнің Тұрақтылыққа деген өзіндік тәсілі біздің жергілікті ұстауды дамуға себеп болатын және мүмкіндіктерді арттыратын тұрақты ресурстарды пайдалану және материалдар мен қызметтерді жергілікті жабдықтаушылардан сатып алу стратегиясынан көрінеді.*